



Желтоқсан 2022

Баға барометрі

Мазмұны

■	Тәуекелдер мен келешектер	3
■	Әлемдік үрдіс	4
■	Ішкі инфляция	5
■	Қосымша	7


Тәуекелдер мен келешектер

- 2022 жылдың соңғы айында тұтыну инфляциясының өсу қарқынында күтпеген жағдай орын алды: тұтыну бағасының өсу қарқыны бәсеңдеді. Бұл желтоқсан айына тән емес еді.
- Халықтың нақты табысының азаюы желтоқсанда халықтың тұтынушылық сұранысының барынша ұстамды болуына әсер еткен сыңайлы. Әйтпесе Жаңа жылға дайындық қарсаңында сұраныс әдетте артатыны белгілі.
- Бағалардың өсу қарқынының бәсеңдеуі инфляциялық ортаның «суына» бастағанын білдірмейді.
- Базалық инфляция көрсеткіштерінің әрі қарай үдей түсуі және инфляциялық болжамдардың нашарлауы экономикада бағалардың өсуінің ұзақ мерзімді сипатқа ие болғанын және тұтынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағаларының жүрісі әртүрлі жылдамдықта және әртүрлі бағытта өрбіп жатқандығын білдіреді.
- 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген негізгі есептік көрсеткіштердің жаңа мәндері қосымша қысқа мерзімді инфляциялық импульс тудыруы мүмкін. Өйткені халықтың атаулы табысы өсті.
- Біздің болжам бойынша инфляция жылдық есепте 2023 жылдың бірінші тоқсаны барысында үдеуін жалғастырады. Одан кейін өсудің қосымша қозғаушы күштері жоқтығы салдарынан бағалар баяу төмендей бастайды.

- Болжам бойынша ағымдағы жоғары инфляция және реттеуші қолдайтын тежеуші монетарлық шарттар жылдың алғашқы жартысында барлық экономикалық агенттердің тұтынушылық шығындарының жоспарын қысқартады.
- **2023 жылдың қорытындылары бойынша біз жылдық есепте бағалардың өсуі жылдық есепте 14.2-16.8%-ға дейін бәсеңдейді, деп болжап отырмыз.**
- Бұған монетарлық шарттарды тежеуші сипатқа жақын пайдалану, өткен жылдың жоғары базасының техникалық әсері, сондай-ақ ішкі нарықта сұраныстың көптігі мен ұсыныстың жеткіліксіздігіне қатысты мәселенің шешіле бастауы негіз бола алады.
- Бірақ осы жерде сыртқы факторларға байланысты тауарларды өндіру, сатып алу және логистикалау бағаларының күрт өсу мүмкіндігі, сондай-ақ жаңа геосаяси қауіп-қатерлер негізгі тәуекелдердің қатарында. Олар 2023 жылдың алғашқы айларында бағалардың өсу қарқынының жоғары болуына септігін тигізуі мүмкін.

Тұтынушылық бағалардың өсуі бойынша Jusan Analytics болжамы

(жылдық есепте, %-бен)



Әлемдік үрдіс

Ғаламдық инфляциялық қысым біртіндеп төмендеуде.

Оның жағымды белгілері ретінде өндірістік шығындардың өсу қарқыны мен тауарларды сату бағаларының төмендегенін, сондай-ақ кәсіпкерлердің іскерлік сенімділігінің өскендігін атап өтуге болады.

J.P. Morgan Global Composite PMI есебіне сәйкес **әлемдік экономикалық белсенділік 2022 жылдың қарашасымен салыстырғанда аздап жақсарды** (2,5 жылға жуық ішінде минимум), бірақ әлі де «жасыл аймаққа» жетпеді. Іскерлік белсенділіктің өскендігі ретінде Үндістан мен Ирландияда өнім шығару мен қызмет көрсету көлемінің артуын алға тартуға болады.

ФАО бағаларының индексі 132.4 пунктті көрсетті. Бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңінен 1.0%-ға төмен. Индекс өсімдік майы, дақылдар және ет бағаларының түсуіне байланысты төмендеді.

Азық-түліктің әлемдік бағаларының 3 тоқсан бойы төмендеп жатқандығына қарамастан, олар соңғы 11 жылмен салыстырғанда барынша қымбат болып тұр.

Өндіріс соңғы 2 жылдан астам уақыттан бері ең төмен деңгейде. ФАО мақсатын жүзеге асыру (2030 жылға дейін аштықты жою және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету) ағымдағы жағдайда қиын бола түсуде.

ЕО-да тұтыну бағаларының өсуі бәсеңдеуде. Желтоқсан қорытындысында жылдық инфляция 9.2%-ға дейін төмендеді. Энергия тасымалдаушылардың күрт арзандауы инфляциялық ортаны біршама салқындатты. Алайда базалық инфляция әлі өсе түсуде және 5.2%-ға жетті.

ХВҚ соңғы болжамдарына сәйкес **2023 жылы ЕО елдерінің жартысының экономикасы құлдырайды.** Бұл жолы ХВҚ экономистері болашақ рецессия туралы сенімді айтуда. Бұл жерде құлдырау қаншалықты ұзақ және терең болатындығы ғана белгісіз.

АҚШ-та да инфляция біртіндеп төмендеуде. Жыл қорытындысы бойынша ол 6.5% деңгейінде қалыптасты. Бұл 2022 жылғы ең төменгі көрсеткіш. Бұл жағдайға бензин бағасының түсуі себеп болды. Осы ретте базалық инфляция өсуін жалғастыруда және жылдық есепте 5.7%-ға тең. **АҚШ-та бірқатар инфляция ошақтары бар. Олардың қатарына азық-түлік инфляциясы мен тұрғын үй бағасы инфляциясын жатқызуға болады. Олар жалпы үрдіске қарамастан, өсіп жатыр.**


Желтоқсан айында Қытай билігі нөлдік ковид саясатынан бас тартты: барлық шектеу шаралары жойылды. Жүргізіліп жатқан экономикалық саясаттан күрт ауытқу аясында әлемдік індеттің қайта ушығуы Аспан асты елінде іскерлік белсенділікті қайта тежеп тастаған болатын. **Осы жерде қандай да бір нақты өтпелі кезеңнің жоқтығы Қытай экономикасының тез жанданатындығы және әлемдік сауда алаңдарында сұраныс пен ұсыныстың артатындығы күмән туғызады.**

Қазіргі геосаяси шиеленіс, оған қоса Қытайдағы ковидке қарсы қиындықтар, негізінен шикізат тұтынатын және дайын өнім шығаратын бұл елде шикізаттар мен тауарлар жеткізу ісіне әртүрлі қиындықтар туғызып жатыр.

Жеткізілім тізбегіндегі қысым индексі

(орташадан стандартты ауытқулар саны)

Дереккөз: www.newyorkfed.org



Ішкі инфляция

2022 жылы тұтынушылық бағалардың жылдық өсімі 20.3% (1.2% а/а) деңгейінде қалыптасты.

Тұтыну бағаларының индексі біздің бағалауымыздан біршама төмен болды. Мұны жыл соңында тұтыну инфляциясының барлық құрамдас бөліктерінде бағалардың өсу қарқынының бәсеңдегенімен түсіндіруге болады:

- Азық-түлік тауарлары – 25.3% (бұдан бір ай бұрынғы 1.8%-ға қарсы а/а 1.6%);
- Азық-түлік емес тауарлар – 19.4% (1.6%-ға қарсы 1.3%);
- Ақылы қызметтер – 14.1% (0.8%-ға қарсы 0.5%).

ҚРҰБ деректері бойынша халықтың инфляциялық болжамы 21.3%-ға жетті. Ал ҚҚҚ деректері бойынша бизнес өкілдерінің болжамы 15.4%-ды құрайды. **Бұл ретте бағалардың нақты өсімінің бәсеңдегеніне қарамастан, жоғарыда аталған бағалаулардың ешқайсысы бағалардың төмендейтінін көрсетпейді. Екеуі де ҚРҰБ ресми болжамдарынан айтарлықтай өзгеше.**

Ендеше болжамдар мен базалық инфляция көрсеткіштерінің үдей түсуі экономикада бағалардың ұзақ уақыт жоғары тұратындығының белгісі.

Келесі 12 айға тұтыну инфляциясы және инфляциялық болжам

(%-бен, жылдық есепте)

Жыл	Ай	тұтыну инфляциясы, ж/ж	салмақтарды ескере отырып, ж/ж					
2021	Желтоқсан	8.4	3.9	2.5	2.0	10.3	7.5	19.3
2022	Қаңтар	8.5	4.0	2.6	2.0		7.4	19.4
	Ақпан	8.7	4.1	2.6	2.1	6.2	8.3	19.6
	Наурыз	12.0	6.3	3.3	2.4	11.4	8.7	19.7
	Сәуір	13.2	7.3	3.3	2.6	11.4	9.4	19.2
	Мамыр	14.0	7.7	3.6	2.7	13.8	11.7	18.8
	Маусым	14.5	7.8	4.0	2.7	14.9	10.3	18.3
	Шілде	15.0	8.0	4.3	2.7	16.5	11.9	17.7
	Тамыз	16.1	8.5	4.7	2.9	16.5	11.7	17.1
	Қыркүйек	17.7	9.0	5.1	3.6	16.9	12.5	16.5
	Қазан	18.8	9.4	5.4	3.9	18.3	12.9	16.1
	Қараша	19.6	9.8	5.6	4.1	18.2	13.9	15.8
Желтоқсан	20.3	10.3	5.9	4.1	21.3	14.3	15.4	

* Болжамдар бағалардың t кезеңінде нақты өсу деңгейі мен Jusan Analytics-тің инфляция бойынша t+1 кезеңіндегі болжамдарының сарапталған мәні ретінде есептеледі


Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, Jusan Analytics есептеулері, ҚҚҚ, ҚРҰБ

Ішкі инфляция

3 графика: Тұтыну инфляциясы

(%-бен, айдың өткен айға қатысы)


Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



4 графика: Базалық инфляция**

(%-бен, жылдық тұрғыда)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



Ішкі инфляция: тауарлар

Төрт ай ішінде тұңғыш рет азық-түлік өнімдері бағаларының өсу қарқыны бәсеңдеді. Бұл ретте азық-түліктің қымбаттау қарқынының бәсеңдеуі инфляциялық қысым босаңсып, «салқындай» бастады деген сөз емес. Өйткені барлық өнімдер бойынша (қант ұнтағы мен жаңа піскен лимондарды қоспағанда) бағалардың өсуі сақталуда.


Желтоқсанда азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі қарашаға қарағанда едәуір ұстамды болды (7 графика). Бағалардың айлық өсімінің бәсеңдеуі көп жағдайда азық-түлікке жатпайтын тауарларда байқалды.

Әсіресе «киім-кешек пен аяқ киімдер» тобында бағалардың өсу қарқыны айтарлықтай төмендеді. Бұған маусымдық жаппай сатылым әсер етті. Мәні аз баяу өсімдер «жуғыш және тазартқыш құралдар», «жеке көлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектер», «кітаптар және кеңселік тауарлар» және «жеке пайдаланылатын тауарлар» топтарында байқалды. Бұл тауарлардың түрлері бойынша өсу қарқыны бәсеңдесе, дыбыстық-бейнелік жабдықтар және ақпарат өңдеу жабдықтарының бағасы керісінше едәуір қымбаттады.

6 графика: Азық-түлік инфляциясының серпіні

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы


(%-бен, жылдық тұрғыда)



7 графика: Азық-түліктік емес инфляцияның серпіні

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы

(%-бен, жылдық тұрғыда)



Ішкі инфляция: көрсетілетін қызметтер

Сервистік инфляция айлық есепте де, жылдық есепте де бәсеңдеп, бүкіл 2022 жыл бойынша ең төменгі айлық өсімді көрсетті (8 графика). Желтоқсанның қорытындысына сәйкес жалға беру қызметінде, орталық жылыту және ыстық су коммуналдық қызметтерде дефляциялық үдерістер байқалды.

Тұрғын үйді күтіп ұстау, суық су және ақаба суларды әкету, қоқыстарды шығару тарифтерінде өсу үдерісі сақталуда. Бұл басқа да тұтыну тауарларының бағасына қосымша қысым көрсетері анық.

Жеке көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтері одан әрі қымбаттап барады. Өйткені енгізілген антиресейлік санкциялар және импортты


қайта бағдарлау қажеттілігіне байланысты логистиканың қымбаттауы аясында шығындық материалдар, жабдықтар мен құрал-саймандардың бағалары өсті. Сонымен қатар көрсетілетін қызметтерге деген сұраныстың артуы да бағалардың өсуіне септігін тигізеді.

Курьерлік қызметтің бағасы да күрт өсті. Ұшақтың бағалары мен темір жол жолаушы көлігінің бағасы өсіп жатыр. Жаңа жылдық маусым аясында мәдени ойын-сауық сипаттағы қызметтерге уақытша сұраныс артты. Бұл сәйкесінше бағаның өсуіне ықпал етті.

8 графика: Сервистік инфляцияның серпіні

(%-бен, жылдық тұрғыда)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы



Өңірлік инфляция

Қазақстанда жылдық инфляция өңірлерге байланысты 17.7-24.0% ауқымында болды.

Осылайша жыл соңына қарай, өңірлік инфляция барынша әртекті болды (1 кесте). Тұтынушылық бағалардың барынша жоғары жылдық өсімі әлі де Маңғыстау облысында тіркелді. Бұған еліміз бойынша азық-түлік өнімдері (31.6%) мен ақылы қызметтердің рекордтық өсімі (17.8%) себеп болды. Ең аз өсім Алматы облысында байқалды (азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызметтердің бағалары жылдық есепте дефляцияны көрсетті).

Бағалардың өсу қарқыны бойынша максималды өңірлік әркелкілік азық-түлікке жатпайтын инфляцияда байқалуда.


Желтоқсанда Түркістан мен Жамбыл облыстарында оған дейінгі аймен салыстырғанда тұтынушылық бағалардың өсуі айтарлықтай үдеді. Бұған азық-түлік тауарларының жылдам қымбаттап бара жатқаны себеп болды.

1 кесте: Өңірлік тұрғыдағы тұтыну инфляциясы

(2022 жылдың желтоқсанының қорытындысы, %-бен)

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы: 20.3



Автор: Айжан Әлибекова (A.Alibekova2@jusan.kz)

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz